

# ТРАНСФОРМАЦИЯ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ К ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМУ ИССЛЕДОВАНИЮ

ӘОЖ 37.013.77

**Ж.Р. Жексембаева, М.Е. Майлыбай**

<sup>1,2</sup>Г. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, (Талдықорған, Қазақстан)

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕРІН ҮЙРЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мақалада дәстүрлі қолөнер, қазақ халқының ұлттық көркем мәдениетінің құрамдас бөлігі, дәстүрлі қолөнерді игеру іс-әрекеті - балалардың ізгілік қасиеттері мен дене күштерін қалыптастыратын тәрбиелік мәнінің ерекшелігі туралы, халқымыздың дәстүрлі қолөнерін жоғары бағалау, баланы еңбекке үйрету тәжірибесі жөнінде айтылған.*

**Түйін сөздер:** дәстүрлі қолөнер, ұлттық көркем мәдениет, іс-әрекеті, балалардың ізгілік қасиеттері, баланы еңбекке үйрету.

## ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ КАЗАХСКИМ НАРОДНЫМ ПРОМЫСЛАМ

*В статье рассказывается о традиционных ремеслах, неотъемлемой части национальной художественной культуры казахского народа, о развитии традиционных ремесел - об особенностях воспитательной ценности детских добродетелей и физической силы, признании традиционных ремесел нашего народа, опыте обучения детей труду.*

**Ключевые слова:** традиционные ремесла, национальная художественная культура, деятельность, детские добродетели, обучение детскому труду, профориентация

## FEATURES OF TEACHING PRESCHOOL CHILDREN IN KAZAKH FOLK CRAFTS

*The article tells about traditional crafts, an integral part of the national artistic culture of the Kazakh people, about the development of traditional crafts - about the features of the educational value of children's virtues and physical strength, the recognition of the traditional crafts of our people, the experience of teaching children to work.*

**Keywords:** traditional crafts, national artistic culture, activities, children's virtues, teaching child labor, career guidance.

«Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда да, ауыр өнер, тек бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетіспейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» - деп ұлы ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, мен мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы білімгері ретінде алғашқы зерттеу жұмысымды қазақтың ұлттық қолөнерінің зерттелу барысы және оның мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде алатын орны бағытына арнағым келеді.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйретуде өскелең ұрпақтың интеллекті, эстетикалық және адамгершілік құндылықта тәрбиелеуде, өз Отанын сүйуге, тарихын, дәстүрін терең білуге жеке тұлғаның отбасында ата-анасы, мектепке дейінгі мекемеде педагогтар алатын орны ерекше. Бүлдіршіндердің ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге дұрыс көзқарасы мен ой-өрісін дамытуда қалыптасатыны анық. Осы ретте, мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйретуде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті маңызды рөлге ие.

Дәстүрлі қолөнер - әсемдік пен сұлулық туралы қазақ халқының ұлттық көркем мәдениетінің құрамдас бөлігі өзінің тарихи генезисі тереңнен бастау алып, дәстүрлі қолөнердің сүбелі саласының дамуына үлес қосқан философтар Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, Т. Басенов, Ә. Тәжімұратов, С. Қасиманов, Ж.Ш. Балкенов, Б.А. Әлмұхамбетов, А. Құралов, т.б белгілі өнертанушы ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектері негіз болып табылады.

Ғалымдардың пікірінше дәстүрлі қолөнердің тарихи генезисін оқытудың маңыздылығы мынада: халықтың дәстүрлі мәдениетіндегі эстетикалық, дүниетанымдық мазмұнын терең игеруге негіз болады; тәрбиенің жаңа мүмкіндіктері мен жолдарын саралайды; балалардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәлім-тәрбиелік әдістерін көрсетеді. Дегенмен, мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйрету тақырыбы зерттеуді талап ететіндігі заман талабы деп есептейміз.

Дәстүрлі қолөнер ұлт мәдениетінің негізін қалауда-еңбек пен кәсіпті игеру арқылы, дәуірлер ағымындағы адамзат тіршілігінде мәдениеттің жаңа сатыларына көтеріліп отыруға арқау болып, әлеуметтік, мәдени дамудың бастамасы ретінде еңбек қызметінің басты мән-мағынасына айналды. Мақаламызда дәстүрлі қолөнерді игеру іс-әрекеті - балалардың ізгілік қасиеттері мен дене күштерін қалыптастыратын тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді. Ол туралы этнопедагог ғалым Т. Қоңыратбай халқымыздың дәстүрлі қолөнерін жоғары бағалап, баланы еңбекке үйрету, кәсіби бағдар беру тәжірибесі жөнінде мынадай ойлар түйеді: «Ертеден - ақ кәсіп игеру мен білімнің қадірін білген қазақтар жастарға ел арасына белгілі кәсіп иелерінен, өнер шеберлерінен тәлім алғызды. Қазақ баласының кәсіби білім алуы отбасындағы еңбек тәрбиесінен басталып, қоғамдық сипат алады» [1]. Демек, отбасы мүшелерінің ынтымағынан құрылған ұжымдық еңбек нәтижесінде, қазақ отбасында тек эстетикалық тәрбие ғана емес әлеуметтендіру мәселесі де оңтайлы шешіліп отырғанын көреміз. Біз осы қағиданы негізге алып ұлттық мұраларға негізделген тұлғаға қажет мәдениетті қалыптастырудың этнопедагогикалық әдіс-тәсілдері арқылы отбасы мен қосымша білім беру мекемелерінде тәрбиеге бағыттай жүзеге асыруды мақсат етіп алдық.

Мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйретудің басты мақсаты - дәстүрлі қолөнердің тәрбиелік ерекшеліктері, эстетикалық талғамын, қолөнерге деген икемділіктерін арттыратындығы анық.

Негізінен дәстүрлі қолөнердің тәрбиелік мазмұны отбасылық әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрінің нысандары (дәстүр, қолөнер, мәдениет, эстетика) арқылы анықталады. Қазақ қолөнерінің тарихи генезисінде сипат алған «дәстүр», «эстетика», «мәдениет» ұғымдарының мазмұндары, тәрбиелік мәні, қазақ табиғатының барлық сұлулығын, жақсысын сезініп, қабылдау, одан шығармашылыққа талпыну арқылы мәдени деңгейін көтеруге негіздейді» [2].

Педагогикалық әдебиеттерде: «дәстүр ұғымы - тарихи қалыптасқан және халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын әдет - ғұрып, қолөнер, ұлттық мәдениет, эстетикалық көзқарастары, талғамы т.б.» - деген түсінікті береді. Демек, дәстүр құрамына енетін, қоғамдық сананың барлық салаларымен тығыз байланыста дамиды және мектептегі білім беру мазмұнында эстетикалық көрініс беретін халық дәстүріндегі табиғи құбылыс - қазақтың қолөнері болып табылады» [3].

Қолөнер - әшекейлеу, адамдардың көркем іс-әрекетінің ерекше саласы деген ұғымды білдіреді. Дәстүр ұғымына негіздеп: дәстүрлі қолөнер белгілі бір халықтың өмір сүру типі мен дүниеге көзқарасы жөніндегі мәліметтерді бейнелейтін, сол халықтың әдет-ғұрпынан туындайтын, олардың өндірістік әрекетіне, тұрмысына байланысты заттарды әшекейлейтін іс әрекет болып табылады деген өзіміздің түсінігімізді береміз.

Өнертанушы Дәркембай Шоқпарұлы «Өнер – халықтікі, сондықтан оны жамбасқа баспай, халыққа таратып қайтару керек» деп айтқандай халықтың дәстүрлі қолөнерін зерттеп, ұрпақтан ұрпаққа қолөнер түрлерін насихаттап жеткізу біздің міндетіміз» [4].

Дәркембай Шоқпарұлы ғылыми-әдістемелік еңбектерін оқи отырып, қазақ қолөнерін үйренуге деген ынта-ықыласың мен қызулығың арта түседі. Өнертанушының өнерге деген сүйіспеншілігі соншалық өлең шумақтарында да келесі ретте баяндайды. «Халқымның дәстүрлі төл өнері, Кәсібім ата-мұра қолөнері. Жинадым әдет-ғұрып салт-дәстүрін, Елімнің көзге ыстық қолөнері».

«Дәстүр» сөзімен қатар «салт», «әдет-ғұрып» сөздері де қолданыста қатар пайдаланылады. А. Құралұлы: «Салт та – жаңа ұрпаққа эстетикалық мәдениетті берудің «дәстүрлі» формасы», - дейді. Келтірілген анықтама салттың да негізінде дәстүр деген жалпы ұғым жатқанын көрсетеді [5].

Біздің мақаламызда мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйрету ерекшеліктері деп алуымыздың да себебі бар, өйткені қолөнер түрлерін үйрену икемділікті, шығармашылықты, эстетикалық талғамды қажет етеді. Дәстүрлі қолөнер негізінде эстетикалық мәдениетті қалыптастыру әрекеті, балабақшадағы ұйымдастырылған оқу әрекетінің бағыттарында шығармашылық іс-әрекеттер арқылы ұйымдастырылатын құрылымдық қызметтің жиынтығын қамтитын мәдени ұстаным арқылы айқындалмақ - Олар: эстетикалық сезім, қабылдау.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне байланысты әдістемелік және дидактикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ыңғайластырып отырып, аталған талаптардың мәнін төмендегідей топтастырамыз:

- баланың дәстүрлі қолөнерді игерудегі жағдайына бақылау жүргізу;
- шығармашылық іс-әрекетте бейімдеу;
- технологиялық карталарды дұрыс пайдалана білу.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогтар алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі - дәстүрлі қолөнердің түрлерін тәрбиелік іс-шаралар барысында қолданып, жетілдіріп отыру және жас ұрпаққа меңгерту.

Оларды атап айтатын болсақ: Ағаштан бұйымдар жасау; Жүннен бұйымдар жасау; Киізден бұйымдар жасау; Киім тоқу; Зергерлік; Кесте тігу; Киім тігу.

Жоғарыда аталған дәстүрлі қолөнер түрлерін мектепке дейінгі балалармен еңбек түрлеріне үйрете отырып тапсырма беру, кезекшілік, ұжымдық еңбек іс-әрекеті формаларында ұйымдастырылады.

Мысалы, мектепке даярлық тобында балалар, ағашпен, матамен, түрлі сымдармен, әртүрлі жұқа қаңылтыр, жылтыр, түрлі-түсті қағазбен жұмыс істейді. Бұл еңбек түрлерінде балаларды еңбек құралдарын дұрыс пайдалана отырып, жұмыс жасауға, өрнектер мен ирек сызықтарды келтіре отырып тіге білуге жаттықтыру.

Орындалатын жұмыстарын сүйсіне, ынтамен, құлшына істеуге үйрету. Жұмыстарының түрін дұрыс, әдемі жасауға жаттықтыру. Жасайтын жұмыстарына жауапты қарауға, қадағалау мақсаты көзделеді.

Осы еңбек түрлерімен қатар мен мектепке даярлық тобында тағы да бір еңбек түрін қосымша алдым. Ол түрлі түсті жіптермен еңбек ету жұмысы.

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу балалар үшін сиқырлы жұмбақ. Жіптің ашық бояулары бейнелердің үйлесім тауып, дәл орналасуы бүлдіршіндерді тандандырып, еріксіз өзіне тартады.

Көркемдік іс-әрекетін, бұл айналысу баланың зейінін өзіне аударып қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Сонымен қатар, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін қалыптастырып, бастаған ісін аяғына дейін аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылдырады.

Ең алдымен «жіптен жасалған суреттер» деп өз жұмысымды үлгі ретінде балаларға көрсетіп әңгіме өткіздім. Әр бір үйде қолданыстан шыққан заттар болады. Міне осы заттарды біздің зерттеуімізбен, ойынымыз үшін қолдануға болады. Бірінші тоқыма бұйымдарды жуып, кептіріп, жалпак емес ұзын бөлшектерге бөліп дайындап аламыз.

Балаларға ойын үшін қолдан тоқылған тоқыма бұйымдары өте ыңғайлы: оны созуға да, біріктіруге, іліктіріп бір-біріне қосуға да болады. Балаларды бөлшек матадан ирек және қатты жіптердің созылуы таңқалдырады. Жіптер созылады, бірігеді, сондықтан «сырнай» (гармошка) ойынын елестете аламыз. Бұл жерде осы әлгі айтып жіберсек те артық емес («Я играю на гармошке»), әр түрлі-түсті жіптерді қатты қағазға жабыстырып «Қонжыққа» арналған келімше жасауға болады.

Теңіз толқындарына да ұқсатып жасасақ тіпті керемет.

Ең алдымен, «Теңіз толқындары», «Күннің көзі», «Шар», «Бұлттар» т.б. балаларға онша қиындыққа түспейтін тақырыптар бойынша жұмысымды жүргізе бастаймыз.

Топтық жұмыстар арқылы балаларды екі топқа бөліп, жарыс ұйымдастыруға да болады «Қай топ, жылдамырақ».

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйрету мәселесі, дәстүрлі қолөнердің танымдық және тәрбиелік мәні жан-жақты зерттеуді, дәріптеуді талап етеді. Өйткені, дәстүрлі қолөнердің тәрбиелік мәні баланы шығармашылық тұрғыдан жан-жақты жетілдірумен қатар, зейінін арттырып өмірге деген көзқарасының жақсы жаққа өзгеруіне себепкер болады.

#### Әдебиеттер:

1. Қоңыратбай Т. Т. Қазақ музыкасының тарихы. Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, ЖШС РПБК «Деуір», 2011. – 204 бет.
2. Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. -Алматы, 1994.– 222б.
3. Кенжеахметов С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат. – 254 б.
4. Шоқпарұлы Дәркембай. Қазақтың қолөнері. «Өнер», Алматы: 2005. -176 б
5. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 254 б.

#### Сведения об авторе (авторах):

**Ж.Р. Жексембаева, М.Е. Майлыбай** - І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, (Талдықорған, Қазақстан)

**Ж.Р. Жексембаева, М.Е. Майлыбай** - Жетысуский университет им. И. Жансугурова, (Талдықорған, Қазақстан)

**Zh.R. Zheksembayeva, M. Mailybai** - Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan